

Қорғалжын аудандық мәслихатының шешімінің күшін жою туралы

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 5/2С шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына сәйкес, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қорғалжын аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қорғалжын аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 қазандағы № 8/40 " Қорғалжын ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешімі (№ 5086 нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік Тіркеу тізімінде тіркелген, 2015 жылдың 10 желтоқсанында "Нұр-Қорғалжын" аудандық газетте жарияланған шешімнің күші жойылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және ресми жариялануға тиіс.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Қ. Жумабаев

Аудандық мәслихат хатшысы

Ө. Балғабаев